**Сәтбаев қаласының «№27жалпы білім беретін мектебі» КММ педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің 2024-2025 оқу жылы бойынша аналитикалық есебі**

1. Ерекше білімінде қажеттіліктері бар балаларға сабақ беретін педагогтердің сапалық құрамы:

| № | ББҰ | Жалпы | Педагог-шебер | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | педагог | Санатсыз |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ | 40 | 0 | 5 | 13 | 13 | 4 | 1 |

2024–2025 оқу жылында мектепте 40 педагог қызмет атқарады, олардың ішінде:

- Педагог-шебер – 0
- Педагог-зерттеуші – 5
- Педагог-сарапшы – 13
- Педагог-модератор – 3
- Санатсыз – 1
- Педагог-4

Бұл көрсеткіш мұғалімдердің кәсіби деңгейінің жоғары екенін және ерекше білім беруді қажет ететін балалармен тиімді жұмыс жасауға әлеуеті бар екенін көрсетеді.
«№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылында ерекше білімді қажет ететін оқушы саны -18, оның 2 оқушы 0 - сыныпта отыр.

- 5 оқушы – жеке білім беру бағдарламасы бойынша
- 6 оқушы – бейімделген бағдарлама бойынша оқиды

**2024–2025 оқу жылында үйде оқытуды ұйымдастыру туралымектеп тізімінен шығарылды.**

2024–2025 оқу жылының басында мектеп бұйрығына сәйкес 4 оқушыға үйде білім беру ұйымдастырылды:

- 1 оқушы – 5-сынып Рамазан Жантөре
- 1 оқушы – 6-сынып Өсенова Жібек
- 2 оқушы – 7-сынып Кормин Александр, Алматов Абсат

24.10.2024 жылы 5 Ә сынып оқушысы Рамазан Жантөре ПМПК 22.10.2024 №10-75 қорытындысы негізінде мектеп тізімінен шығарылды.

04.03.2025жылы ВКК қортындысымен Өсенова Жібек үйден оқу тізімінен шығарылды.

20.01.2025 жылы №1671 ВКК қортындысымен Жараспаев Дарын үйден оқытылуға бұйрық шығарылды.

Жыл соңында 3 оқушы үйден білім алады.

**Үйде оқытылатын оқушылар туралы мәлімет:**

| № | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Бағдарлама түрі | Бұйрық №, күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кормин Александр | 7А | Жеке бағдарлама | 09.09.2024 №145-н |
| 2 | Алматов Абсат | 7Б | Жалпы бағдарлама | 02.09.2024 №138-1-н |
| 3 | Жараспаев Дарын | 6В | Жалпы бағдарлама | 20.01.2025 №5-н |

**Сабақ ұйымдастыру және педагогтермен жұмыс**

- Әр оқушыға ата-аналармен келісілген жеке сабақ кестесі құрылып, мектеп директорының бұйрығымен бекітілген.
- Үйде оқытатын мұғалімдердің деректер базасы жасақталған. Барлық педагогтер инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

Мониторинг және бақылау

- Әр оқушыға арналған үйде тегін білім беруді ұйымдастыру бойынша жеке мұғалімдік папка жүргізіледі;
- Оқушының оқу жетістіктерін, даму динамикасын қадағалайтын бақылау күнделігі толтырылады. Бұл – баланың оқу материалын меңгеру деңгейін, қиындықтарын, жетістіктерін анықтауға көмектеседі.

Мектеп әкімшілігі тарапынан сабақтардың өткізілуіне тұрақты бақылау жүргізіледі: мұғалімдермен телефон арқылы байланыс, кеңес, пікір алмасу ұйымдастырылады.Әр тоқсан сайын мұғалімдік папкалкры текеріліп, тоқсандық есеп жазылады.

**ЕББҚ оқушыларының мектепішілік іс-шараларға қатысуы мен жетістіктері**

- «Бір бала – бір әлем» атты қалалық іс-шараға 5ә сынып Әбілхан Айзере, 6б сынып Әбілхан Әбілқайыр, 6 в Есмағанбет Айханым қатысып, 2-орынды иеленген.
- «Жетістікке сәтті қадам» атты білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың зерттеу жұмыстарының республикалық деңгейіндегі сайысына қатысып, «Кел, балалар, оқылық» секциясының жеңімпазы атанып, ІІ Дәрежелі Диплом иеленді.Жетекшісі-ағылшын тілі пәні мұғалімі Ж.М.Баймуханова.
- «Жетістікке сәтті қадам» атты білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың зерттеу жұмыстарының республикалық деңгейіндегі сайысына қатысқаны үшін 7 В сынып оқушысы -Акдарбек Диас сертификатпен марапатталды.
  Жетекшілері-Елеусизова Қ. Әлімхан Б,
- ІІІ Дәрежелі Диплом ДАРАБОЗ-2025 IV Республикалық Олимпиадасына физика пәнінен қатысып жүлделі орынға ие болды.Жетекшісі-А.Б.Омарова

Бұл нәтижелер ЕББҚ оқушыларына қолдау көрсетіліп, әлеуеттерін дамытуға жағдай жасалып отырғанын дәлелдейді.

| № | Баланың аты жөні | Педагогтің аты-жөні | Пәні | Мектеп | Байқау атауы | Қалалық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Әбілхан А<br>Әбілхан Ә<br>Есмағанбет А | Мухтарова А<br>Усмаханбет А | Инф<br><br>Психолог | «№27 ЖББМ» ЕММ | «Бір бала, бір әлем» | 2 орын | | | |
| 2 | Асылбек А | Баймуханова Ж | ағылшын | «№27 ЖББМ» КММ | «Жетістікке сәтті қадам» | | | + II Дәрежелі Диплом | |
| 4 | Есмағанбет А<br>Каратауова А | Райс А<br><br>Мукажанова А | Музыка бастауыш | «№27 ЖББМ» КММ | **«Шексіз өмір»** | - | | | |

| Мектеп саны | Жағдай жасалған мектеп саны | ЕББҚ бар оқушылар саны | Арнайы сыныптар | | Инклюзивті (ЖББ) сыныптар | | Үйден оқитын оқушылар саны | дефектолог | логопед | Педагог-ассистент | психолог | Курстан өткен арнайы мамандар мсаны | ЕББҚ бар оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері | Курстан өткен мұғалімдер саны | ИҚҚ (КПИ) саны | **ППСҚ құрылған мектеп** | **Мүмкіндігі шектеулі бала** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сынып саны | Ондағы оқушы саны | сынып саны | Ондағы оқушы саны | | | | | | | | | | | |
| 1 | 0 | 18 | 0 | 0 | 7 | 16 | 3 | 0 | 0 | 0 | 2 | 1 | 40 | 40 | 0 | 0 | 3 |

**Инклюзивті білім беруге жағдай жасау**

Мектепте инклюзивті орта қалыптастыру мақсатында мынадай жағдайлар жасалған:
Мектеп ғимаратында:

- пандус
- тактильді жолақтар
- шақыру  батырмасы
- Брайль жазбасы
- мнемосхема

- қауіпсіздік тұтқалары орнатылған
- дабыл түймесі

**Біліктілік курстан өту мониторингісі**

| № | Оқу жылы | Педагогтердің жалпы саны | Курстан өткен |
|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 34 | 30 |
| 2 | 2023-2024 | 37 | 21 |
| 3 | 2024-2025 | 40 | 5 |

**Педагогтер төмендегі бағыттар бойынша курстардан өтті:**

- «Инклюзивті аралас оқыту»
- ЕББҚ оқушылармен жұмыс
- «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері»
- Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

**Қорытынды:**

2024–2025 оқу жылы бойынша:

- ЕББҚ оқушылардың оқуына және әлеуметтенуіне жағдай жасалған
- Мұғалімдердің кәсіби өсуі – дұрыс бағытта
- Оқушылардың шығармашылық дамуы мен әлеуетін ашуға мүмкіндік бар

SWOT-талдау

**Күшті жақтары:**

- Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс тәжірибесі бар білікті педагогтер құрамы;
- ЕББҚ оқушылардың мектеп өміріне толық араласуы (үйірмелерге, жарыстарға қатысуы);
- Инклюзивті орта қалыптастыруға бағытталған мектеп инфрақұрылымы (пандус, тактильді жолақтар, шақыру батырмасы, Брайль жазуы және т.б.);
- Мұғалімдердің инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттыруға деген ұмтылысы.

**Әлсіз жақтары:**

- Мектепте логопед пен дефектолог мамандарының болмауы;
- Ресурстық орталықтың жоқтығы;
- Кейбір педагогтердің инклюзивті білім беру курстарынан өтпегендігі;
- Оқу үдерісіне ата-аналардың жеткіліксіз қатысуы.

**Мүмкіндіктер:**

- Мектеп базасында ресурстық орталық ашу;
- Логопед, дефектолог мамандарын тарту арқылы кешенді көмек көрсету;
- Педагогтердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру;
- Қоғамдық ұйымдармен (ерекше балалармен жұмыс істейтін) серіктестік орнату;
- Жергілікті бюджеттен қосымша қаражат қарастыру арқылы техникалық базаны күшейту.

**Қауіп-қатерлер:**

- Қажетті мамандар тапшылығы (логопед, дефектолог);
- Ерекше балалармен жұмысқа бағытталған оқу-әдістемелік материалдардың жетіспеушілігі;
- Ата-аналармен серіктестіктің әлсіздігі;
- ЕББҚ оқушыларына арналған бейімделген бағдарламалардың толық енгізілмеуі. 2025–2026 оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

**Мақсат:**

Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін қолжетімді, қауіпсіз және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруды жалғастыру.

**Міндеттер:**

1. ЕББҚ оқушыларына арналған бейімделген бағдарламалар үлесін арттыру;
2. Мектепке логопед, дефектолог мамандарын тартуға әрекет ету;
3. Мұғалімдердің кемінде 80%-ын инклюзивті білім беру курстарынан өткізу;
4. Ата-аналармен жұмыс жүйесін жетілдіру (консультациялар, тренингтер, семинарлар өткізу);
5. Мектепте ресурстық орталық құру бағытында ұсыныс беру және техникалық база дайындау;
6. ЕББҚ оқушыларының қабілетін ашатын шығармашылық, спорттық, зияткерлік іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.

**Директор** **А.Д.Алпысова**

Орындаған:А.Кызданова